

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қосбөлтек ауылы

27.01.2025ж.

Қатысқаны:7

Күн тәртібінде:

1. 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту
(хабарламашы меңгеруші)
2. «Ұстаз» платформасы жұмыс барысымен таныстыру
(хабарламашы меңгеруші)

Тыңдалды: бала бақша меңгерушісі Ш.Жанхожаева бүгінгі күн тәртібіндегі мәселені айта келіп, бүгінгі қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарованың және кеңес мүшелері қатысып отырғанын және кеңес мүшесі Д.Керимованың белгілі себептерге байланысты қатыспағанын айтты.

Қамқоршылық кеңестің жоспарымен таныстыра отырып, жоспарды бекіту ұсынылды. К.Қамбарова жұмыс жоспарымен таныса отырып, кеңес мүшелеріне жоспарды бекітуді ұсыныс тастады. Кеңес мүшелері жоспарды бекітуді мақұлдады.

Меңгеруші келесі мәселе бойынша ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы және ҚР-сы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына сәйкес педагогтердің аттестациядан өткізу қағидаларымен шарттары бойынша «Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасына байланысты жұмыстарға тоқтала кетсем, біздің балабақшада 7 педагог жұмыс атқарады. Барлық педагогтер аттестациядан өткен 2 педагог Педагог-зерттеуші, 3 педагог Педагог-сарапшы және меңгеруші 2 санатта 1 педагог Педагог-модератор. Педагогтер 5 жылда 1 рет аттестациядан өтеді соған байланысты 2026 жылға 2 педагогымыз аттестациядан өтеді яғни уақыты келетін педагогтер. Педагогтер осы аталған «Ұстаз» платформасы арқылы жұмыстарын жинақтайды. Осы «Ұстаз» платформасына жауапты маман етіп балабақша әдіскері С.Жуманалинаны ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова балабақшамызға өз үлесін қосып отырады. Ол кісіге алғысымыз шексіз деп меңгеруші атап өтті.

Сөз кезегін кеңес мүшесі Е.Орынбай қамқоршылық кеңес жұмысына оң баға бере отырып, К.Қамбароваға үлкен алғысн блдірді.

Алда талай жұмыстар атқарылатынына ,жұмыстарына сәттілік тілейміз деп кеңес мүшесі Г.Пернебекте өз ойын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, шешім етті:

- 1.Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары бекітілсін.
2. «Ұстаз» платформасы бойынша жауапты маман өз деңгейінде жұмыс атқарсын.

Шешім бірауыздан қабылдансын.

Хатшы:

 Г.Оразбаева

